

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Экологиялық саясат

**Алматы қаласы
2022 жыл**

Осы Саясат Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының нормаларына, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық бастамаларға сәйкес әзірленген және Компания қызметінің қоршаған ортаға әсерін басқарудың негізгі бағыттарын айқындайды.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Nalyk-Life» АҚ (бұдан әрі – Компания) тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге тікелей және жанама әсерлерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық энергия және материалды үнемдейтін технологияларды, өз үдерістері арқылы тікелей және өзінің мүдделі тараптары арқылы– жанама түрде пайдалану және қолдау арқылы тікелей қоршаған ортаға теріс әсерлерді азайтуды қамтамасыз етеді.
2. Осы Саясатта мынадай ұғымдар, терминдер және шартты қысқартулар пайдаланады: **ІНҚ** - ішкі нормативтік құжат немесе мәтінге байланысты болса, Компанияның ішкі нормативтік құжаттары;

ресурстар бөлімшесі – Компанияның материалдық-техникалық және шаруашылық қызметін басқару барысын ұйымдастыратын Компанияның құрылымдық бөлімшесі.

3. Осы Саясат Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметіне және орнықты дамудың экологиялық аспектілерін басқаруға деген көзқарастарын жүйелендіретін, сондай-ақ Компания қызметінің қоршаған ортаға әсерін басқарудың қағидаттары мен негізгі бағыттарын айқындайтын құжат болып табылады.
4. Осы Саясаттағы Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасының нормаларын, сондай-ақ Компанияның қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ішкі құжаттарын қолдану мен олардың талаптарын сақтау жауапкершілігі Компания органдарына, сондай-ақ осы Саясатпен байланысты мәселелерді, өз құзыреті шегінде, өз қызметі барысында, жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерге жүктеледі.
5. Осы Саясат ашық құжат болып табылады және Компанияның интернет-ресурсында орналастырылады.

2 бөлім. Саясат мақсаттары

6. Саясаттың мақсаттары:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының нормаларын, халықаралық және ұлттық стандарттарды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ІНҚ нормаларын сақтау;
- 2) Компания қызметін жүзеге асыру, оның ішінде экологиялық тәуекелдерді басқару барысында қоршаған ортаға келтірілетін теріс әсердің алдын алу, оларды барынша азайту және төмендету;

- 3) табиғи ресурстарды, биологиялық экожүйелерді сақтауға, 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен қабылданған тұрақты даму саласының 17 мақсатын, әсіресе, қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бөлігін іске асыруға жәрдемдесу;
- 4) Компанияның ІНҚ реттелетін қаржыландыру және инвестициялау жөніндегі шешімдерді қабылдаудың жауапты тәсілдерін біртіндеп және кезең-кезеңімен енгізу;
- 5) Компания қызметкерлерінің экологиялық сауаттылығын және ол туралы ақпараттандыруларды арттыру, сондай-ақ экологиялық бастамаларды жүзеге асыру.

3 бөлім. Саясат қағидаттары

7. Компания өз қызметінде қоршаған ортаны қорғаумен байланысты келесі қағидаттарды ұстанады:
 - 1) тұрақты даму артықшылықтары: Компания тұрақты даму бағытын ұстанады және өз қызметін жүзеге асыру барысында және корпоративтік шешімдер қабылдау кезінде, қоршаған ортаны қорғау мен қоршаған ортаға келтірілетін теріс әсерлердің алдын алуды маңызды мәселелерге жатқызады. Компания қоршаған ортаның ластануымен байланысты шығындар мен залалдарға қатысты, мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады;
 - 2) қызығушылық танытқан тараптардың мүдделі теңгерілімі: Компания қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мүдделі тараптардың қызығушылығы мен үміттеріне құрметпен қарайды және қызығушылық танытқан тараптардың мүдделі теңгерілімін қамтамасыз ету үшін сындарлы диалогқа ашық;
 - 3) Экологиялық менеджментті жетілдіру: Компания өзінің қоршаған ортаға тікелей және жанама әсерлерін басқару тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады, бұл кезде осындай басқару тәсілдерінің ашықтығын, есептілігін, сондай-ақ экологиялық ақпараттың жариялылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
 - 4) Сайма-сай келушілік: қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары Саясаттың, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының және ІНҚ талаптарының мақсаттарына қол жеткізу үшін қаншалықты жеткілікті болса, соншалықты дәрежеде қамтамасыз етіледі. Бұл кезде қайсысының ауыртпалығы аз болса, сол нұсқаға артықшылық беріледі.

4 бөлім. Ұстанымшылық

8. Компания осы Саясатта, өзінің қызметі мен стратегиялық жоспарлауында көрсетілген мақсаттарды шоғырландыруға ұмтылады. Осы Саясаттың мәтінінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бөлігінде Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдердің экономикалық даму деңгейін, сондай-ақ Компания мен оның мүдделі тараптарының мүмкіндіктерін ескере отырып, келесі құжаттардың талаптарын ұстанады:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартының 10 қағидатын;

2015 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Тұрақты дамудың 17 мақсатын.

5 бөлім. Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметінің негізгі бағыттары

9. Осы Саясат мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Компания экология мен қоршаған ортаны қорғаудың құрамдас бөлігінің бірі болып табылатын, тұрақты даму саласында өзінің корпоративтік басқару жүйесін жетілдіреді,
- 2) Компания экологиялық тәуекелдер неғұрлым ескерілетін өзінің тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіреді, қаржы институттары мен сақтандыру секторында қолданылатын үздік әлемдік тәжірибені кезең-кезеңімен енгізуге ұмтылады;
- 3) Компания қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған, соның ішінде материалдарды, энергия мен су ресурстарын тиімді пайдалануға, атмосфераны ластайтын ауалардың, қалдықтардың түзілуіне жол бермеуге бағытталған шаралар мен бастамаларды жүзеге асырады;
- 4) Компания қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлердің экологиялық сауаттылығы мен құзыреттілігін және осы Саясатты іске асыруда қолданылатын іс-шараларды үнемі арттыруды қамтамасыз етіп отырады;
- 5) Компания экологиялық ашықтықты сақтауды және мүдделі тараптарға есеп беруді, экологиялық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

6 бөлім. Әсер етулерді басқару

10. Компания өзінің қоршаған ортаға келтіретін тікелей және жанама әсерлерін біледі және өз қызметінде қоршаған ортаға келтірілетін теріс әсерді азайтуға бағытталған іс-шараларды қолданады.
11. Компанияның барлық қызметкерлері жаңа өнімдерді/бизнес-үдерістерді әзірлеу және оларды оңтайлы қолдану кезінде, олардың қоршаған ортаға тікелей немесе жанама әсерлерін ескереді, егер бұл жағдай қосымша қаржыландыруды қажет етпейтін болса.
12. Экологиялық әсер ету шаралары:
 - 1) энергия тұтынуды есепке алу, энергияны тұтыну мен жарықтандырудың озық технологияларын енгізу;
 - 2) жылыту және жылыту жүйелерін пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиян келтіретін әсерлерді барынша азайту;
 - 3) ресурстарды жауапкершілікпен тұтыну, экологиялық немесе қайта өңделген шикізаттан жасалған ресурстарды пайдалануға басымдылық беру;
 - 4) өндірістік қажеттіліктер үшін көлікті пайдалану кезінде қоршаған ортаға келтірілетін зиянды барынша азайту, қолданылуы қоршаған ортаға аз зиян келтіретін көлікті пайдалануға басымдылық беру;

- 5) судың тұтыну көлеміне бақылау және тексеру жүргізу арқылы суды тұтынуды азайту;
- 6) қағаз құжатайналымын оңтайландыру және цифрлық технологияларды дамыту есебінен қағаз және қағаз өнімдерін тұтынуды азайту;
- 7) қолданыстағы ұлттық және танылған халықаралық стандарттарға сәйкес парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларына баға беру және оларды есепке алу;
- 8) Компанияның қызметі барысында туындайтын парниктік газдар мен атмосфераны ластайтын заттардың шығарындыларын азайтуға ұмтылу.

7 бөлім. ҚОРТЫНЫДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13. Осы Саясат және оған жасалатын өзгерістер мен толықтырулар Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.
14. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның басқа да ІНҚ-ға сәйкес реттеледі.
15. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасына өзгертулер енгізіліп, соның нәтижесінде, осы Саясаттың кейбір ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келсе, онда осы Саясатқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге дейін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Саясат басшылыққа алынады.
16. Осы Саясат талаптарын уақытылы жаңартып отыру міндеттемелері Ресурстар бөлімінің басшысына жүктеледі.